

Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакеттері республикалық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің тізбесі бойынша республикалық бюджетке дивидендердің немесе таза кіріс бөлігінің түсімдері төлемдерінің мөлшерін азайту немесе оларды төлеуден босату мәселелерін республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 329 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2025 жылғы 30 маусымдағы № 64 бірлескен бұйрығы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 56-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес БҮЙҮРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакеттері республикалық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің тізбесі бойынша республикалық бюджетке дивидендердің немесе таза кіріс бөлігінің түсімдері төлемдерінің мөлшерін азайту немесе оларды төлеуден босату мәселелерін республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

M. Такиев

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің
міндеттін атқарушы

A. Амрин

Министрдің міндеттін атқарушы
2025 жылғы 30 маусымдағы
№ 64 мен
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакеттері республикалық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің тізбесі бойынша республикалық бюджетке дивидендтердің немесе таза кіріс бөлігінің түсімдері төлемдерінің мөлшерін азайту немесе оларды төлеуден босату мәселелерін республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакеттері республикалық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің тізбесі бойынша республикалық бюджетке дивидендтердің немесе таза кіріс бөлігінің түсімдері төлемдерінің мөлшерін азайту немесе оларды төлеуден босату мәселелерін республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 56-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакеттері республикалық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (бұдан әрі – Ұйымдар) тізбесі бойынша республикалық бюджетке дивидендтердің немесе таза кіріс бөлігінің түсімдері төлемдерінің мөлшерін азайту немесе оларды төлеуден босату мәселелерін Республикалық бюджет комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) қарауына шығаруды айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджет саясаты, оның ішінде бюджет жүйесін дамыту саласында, мемлекеттік қаржыны басқару және кірістерді болжау, экономикалық саясат, инвестицияларды тарту саясаты, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, мемлекеттік инвестициялық жобалар, бюджетаралық қатаинастар, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш, мемлекеттік активтерді басқару, Бюджет кодексінде белгіленген құзыреттер шегінде гранттар тарту және пайдалану саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган – бюджетті атқару, республикалық бюджеттің және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, бюджеттен тыс қорлардың атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) – мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқаруды жүзеге асыратын және "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген шарттарда республикалық мұлікке қатысты құқықтарды иеленетін, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған орталық атқарушы орган немесе орталық атқарушы органдың ведомствоны;

2-тaraу. Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакеттері республикалық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серік тестіктердің тізбесі бойынша республикалық бюджетке дивидендтердің немесе таза кіріс бөлігінің түсімдері төлемдерінің мөлшерін азайту немесе оларды төлеуден босату мәселелерін республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару тәртібі

3. Тиісті саланың уәкілетті органы электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға және бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органға Ұйымдарды республикалық бюджетке дивидендтердің немесе таза кіріс бөлігінің түсімдері төлемдерінің мөлшерін азайту немесе оларды төлеуден босату туралы өтінішхат жолдайды.

Өтінішхат республикалық бюджет жобасын қалыптастыру және (немесе) республикалық бюджетті нақтылау басталғаннан кешіктірілмейтін мерзімде беріледі.

Бюджетті атқару процесінде ұсынылған Ұйымдардың ағымдағы қаржы жылдындағы республикалық бюджетке дивидендтердің немесе таза кіріс бөлігінің түсімдері төлемдерінің мөлшерін азайту немесе оларды төлеуден босату туралы өтінішхат қарауға жатпайды.

Тиісті саланың уәкілетті органы өтінішхатқа республикалық бюджет түсімдерін қысқартуды көздейтін нормативтік құқықтық актінің жобасын, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 20 бұйрығымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалану турали ақпарат беру қағидалары мен нысанына сәйкес республикалық бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалану турали ақпаратты және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 391 (бұдан әрі – № 391 Қағидалар) бұйрығымен бекітілген Республикалық бюджет комиссиясының отырыстарына материалдар дайындау қағидасына сәйкес қорытынды жобасын, сондай-ақ талдамалық жазбаны, қаржылық-экономикалық негізденені,

Ұйымдарды республикалық бюджетке дивидендердің немесе таза кіріс бөлігінің түсімдерін төлеуден босату туралы есептеулер және басқа растайтын құжаттарды (болған жағдайда) (бұдан әрі – материалдар) қоса береді.

4. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган және бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган өтінішхат келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылған материалдарға алдын ала бағалау және қаржылық-экономикалық көрсеткіштер мен қорытындылардың дұрыстығына талдау жүргізеді.

5. Ұсынылған материалдар осы Қағиданың 3-тармағының төртінші бөлігінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган және бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган пысықтауға жататын ескертудерді көрсете отырып, материалдарды тиісті саланың уәкілетті органына кері қайтарады.

Тиісті саланың уәкілетті органы ескертудерді алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде пысықталған материалдарды бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға және бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органға электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы қайта жолдайды.

6. Бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган тиісті саланың уәкілетті органының республикалық бюджетке дивидендердің немесе таза кіріс бөлігінің түсімдері төлемдерінің мөлшерін азайту немесе оларды төлеуден босату туралы материалдарға ескертудері болмаған жағдайда қайтадан түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тиісті қорытындыны бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға жолдайды.

7. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті органнан тиісті қорытындылар алғаннан кейін № 391 Қағидаларда белгіленген тәртіппен Комиссияның отырысына республикалық бюджетке дивидендердің немесе таза кіріс бөлігінің түсімдері төлемдерінің мөлшерін азайту немесе оларды төлеуден босату туралы барлық қаралған өтінішхаттардың негізінде қалыптастырылған Ұйымдардың жалпы тізбесі бойынша материалдарды қарау үшін жолдайды.

3-тарау. Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакеттері республикалық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің тізбесін бекіту тәртібі

8. Комиссияның республикалық бюджетке дивидендерді немесе таза кіріс бөлігінің түсімдері төлемдерінің мөлшерін азайту немесе түсімдерді төлеуден босату туралы хаттамалық ұсынымдардың негізінде Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакеттері республикалық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес қалыптастырылады.

9. Тізбеге сондай-ақ 2024-2027 жылдардың қорытындысы бойынша Комиссияның он ұсынымын алған Ұйымдар да енгізіледі.

Акцияларының мемлекеттік пакеттері (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) республикалық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің тізбесі бюджетке дивидендтердің немесе таза кіріс бөлігінің түсімдері төлемдерінің мөлшерін азайту немесе оларды төлеуден босату мәселелерін республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығару қағидаларына қосымша

Акцияларының мемлекеттік пакеттері (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) республикалық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің тізбесі

№	Ұйымдардың атауы	Төлемдердің мөлшерін азайту немесе түсімдерді төлеуден босату кезеңі	Таза кірістен аударымдар нормативі/дивидендтер/таза кірістің бөлігін (%)
1.	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Қазақстан Республикасының Үлттық ядролық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	2022-2027 жылдардың қорытындысы бойынша	1%
2.	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрлігінің Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитетінің "Казарнаулы экспорт (Казспецэкспорт)" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	2023-2025 жылдардың қорытындысы бойынша	0,5%
3.	Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Азаматтық авиация комитетінің "	2025-2027 жылдардың қорытындысы бойынша	1%

	Казаэронавигация Респубикалық мемлекеттік кәсіпорын		
4.	"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы	2023-2027 жылдардың қорытындысы бойынша	0%
5.	"Электрондық қаржы орталығы" акционерлік қоғамы	2024-2026 жылдардың қорытындысы бойынша	0%
6.	"Қазақстан инжениринг (Kazakhstan Engineering)" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы	2021-2024 жылдардың қорытындысы бойынша	0%
7.	"Бәйтерек" Ұлттық басқаруышы холдингі" акционерлік қоғамы	2024 жылдың қорытындысы бойынша	35, 6 %
8.	"Digital Silk Road Company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2024-2026 жылдардың қорытындысы бойынша	0%

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК